QAZAQ CREATIVE

# ПРЕСС-АНОНС

**«Ботай – Ұлы дала мәдениеті»: Астана күні қарсаңында елорда Солтүстік Қазақстанның тарихы, креативі мен технологиялары тоғысатын бірегей алаңға айналады**

2026 жылғы **4–5 шілде** күндері Астанадағы **Qazaq Creative Hub** алаңында «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қоры жүзеге асырып жатқан **Creative Aimaq** республикалық жобасы аясында Солтүстік Қазақстан облысының **North Kazakhstan Heritage Weekend** креативті жәрмеңкесі өтеді.

**«Ботай – Ұлы дала мәдениеті»** көрмесі Солтүстік Қазақстан өңірінің бай тарихи мұрасын, креативті әлеуетін және заманауи технологияларын бір кеңістікте тоғыстырады.

Дәл осы Солтүстік Қазақстан жерінде адамзат өркениетінің маңызды жетістіктерінің бірі – **Ботай мәдениеті** қалыптасып, жылқы алғаш рет қолға үйретілген. Бүгінде өңір осы тарихи сабақтастықты сақтай отырып, креативті экономика, цифрлық технологиялар және адами капиталды дамыту бағытында қарқынды дамып келеді.

Көрме үш негізгі тақырыптық кеңістіктен тұрады.

**Бірінші кеңістік – тарихи-мәдени мұра.** Мұнда келушілер Ботай мәдениетімен, археологиялық жаңалықтармен, қазақ халқының салт-дәстүрімен, ұлттық қолөнермен, сәндік-қолданбалы өнермен және Абылай ханның тарихи мұрасымен танысады. Экспозицияда көркемсурет симпозиумында салынған картиналар, QR-кодтар арқылы танысуға болатын интерактивті Ботай көрмесі, «Абылай хан резиденциясы» театрландырылған қойылымы, қыш шеберханасы, дәстүрлі кілем тоқу көрінісі, сондай-ақ авторлық керамика мен халық шеберлерінің туындыларының көрме-жәрмеңкесі ұсынылады.

**Екінші кеңістік – креативті экономика.** Бұл аймақта Солтүстік Қазақстан облысының үздік өңірлік брендтері, заманауи ұлттық стильдегі дизайнерлік киім топтамалары, авторлық әшекейлер, кәдесый өнімдері, қолөнер бұйымдары және сәндік-қолданбалы өнер туындылары таныстырылады.

QAZAQ CREATIVE

Келушілерді дизайнерлердің этно-дефилесі, жергілікті өндірушілердің көрме-жәрмеңкесі, этно-музыкалық бағдарлама және өңірдің үздік шеберлерінің шеберлік сабақтары күтеді.

**Үшінші кеңістік – технологиялар және медиа.** «Цифрлық киіз үй» аймағында ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, робототехника, GameDev, VR/AR, 3D-баспа және цифрлық шығармашылық бағытындағы жобалар ұсынылады. Сонымен қатар SKO Hub ұйымдастыратын интерактивті квест, дрондардың көрсетілімі және заманауи технологиялық шешімдердің тұсаукесері өтеді.

Жеке алаңда Солтүстік Қазақстан облысының авторлары түсірген деректі, анимациялық және қысқаметражды фильмдер көрсетіліп, жас режиссерлер мен аниматорлардың жобалары таныстырылады.

Іс-шара аясында **«Ботай – Ұлы дала мәдениеті»** көрмесінің салтанатты ашылуы және жоба тұжырымдамасының таныстырылымы өтеді.

Келушілер Солтүстік Қазақстан облысы дизайнерлерінің ұлттық және заманауи этностильдегі киім топтамаларының көрсетілімін тамашалап, Ботай мәдениетінің таныстырылымына және тақырыптық фильм көрсетіліміне қатыса алады.

Бағдарлама аясында **«Абылай хан резиденциясы»** театрландырылған қойылымы ұсынылып, қыш өнері, дәстүрлі қазақ кілем тоқу өнері, ағаш өңдеу, ұсталық өнер, киіз басу және дәстүрлі қазақ тоқыма бұйымдары бойынша халық шеберлерінің шеберлік сабақтары ұйымдастырылады.

Сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының креативті экономикасы мен өңірлік брендтерінің таныстырылымы өтіп, **«Цифрлық киіз үй»** интерактивті аймағында IT-жобалар, жасанды интеллект, VR/AR, GameDev, робототехника және заманауи технологиялық әзірлемелер көпшілік назарына ұсынылады.

Бұдан бөлек, анимациялық, деректі және қысқаметражды фильмдердің көрсетілімі ұйымдастырылып, жас режиссерлер мен аниматорлардың жобалары таныстырылады.

Іс-шара этно-концертпен, жанды музыкамен және өңірлік брендтер мен қолөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесімен қорытындыланады.

**Creative Aimaq** – өңірлік креативті индустрияларды дамытуға, отандық брендтерді қолдауға, шығармашылық кәсіпкерлікті ілгерілетуге және Қазақстанның барлық өңірінің мәдени әрі креативті әлеуетін таныстыратын бірыңғай алаң қалыптастыруға бағытталған ауқымды республикалық жоба.

**«Ботай – Ұлы дала мәдениеті»** көрмесі Солтүстік Қазақстан облысының тарихи мұрасы жаңа идеяларға, заманауи креативті индустриялардың дамуына және болашақ экономикасын қалыптастыруға қалай негіз болатынын көрсететін жарқын жобаға айналып, Ұлы даланың өткені, бүгіні мен болашағын бір мәдени кеңістікте тоғыстырады.

Өтетін орны: Qazaq Creative Hub
(Астана қаласы, Жошы хан көшесі, 16/2)
https://2gis.kz/astana/geo/70030077083740265/71.444654,51.103351
Өтетін күні: 4–5 шілде 2026 жыл
Уақыты: 10:00–19:00
Байланыс нөмірі: +7-707-705-00-32 Жалғас Досжанұлы

QAZAQ CREATIVE

# ПРЕСС-АНОНС

**4–5 июля, в канун Дня столицы, в Астане состоится креативная ярмарка «Ботай – Ұлы дала мәдениеті» - пространство, где история Великой степи встретится с креативной экономикой, этномодой, VR и цифровыми технологиями**

**4–5 июля 2026 года** на площадке **Qazaq Creative Hub** в Астане в рамках республиканского проекта **Creative Aimaq**, реализуемого Корпоративным фондом **«Фонд развития креативных индустрий»**, состоится креативная ярмарка Северо-Казахстанской области **North Kazakhstan Heritage Weekend** под названием **«Ботай – Ұлы дала мәдениеті»**.

Именно на территории Северо-Казахстанской области зародилась одна из важнейших страниц мировой цивилизации - **Ботайская культура**, связанная с первым в истории одомашниванием лошади. Сегодня регион продолжает традиции новаторства, успешно сочетая историко-культурное наследие с развитием креативной экономики, цифровых технологий и человеческого капитала.

Экспозиция объединит **три тематические зоны**.

Первая зона посвящена **историко-культурному наследию**. Посетители познакомятся с культурой Ботай, археологическими открытиями, традициями казахского народа, национальными ремеслами, декоративно-прикладным искусством и историей Абылай хана. В экспозиции будут представлены картины, созданные в рамках художественного симпозиума, интерактивная выставка Ботайской культуры с мультимедийными элементами, театрализованная экспозиция «Резиденция Абылай хана», действующая гончарная мастерская, демонстрация традиционного ковроткачества, а также выставка-продажа авторской керамики и изделий народных мастеров.

Вторая тематическая площадка познакомит гостей с **креативной экономикой Северо-Казахстанской области**. Здесь будут представлены лучшие региональные бренды, дизайнерские коллекции одежды в современном национальном стиле, авторские украшения, сувенирная продукция, изделия ремесленников, предметы декоративно-прикладного искусства и современные интерпретации национальной культуры.

Посетителей ожидают этнопоказ дизайнерских коллекций, выставка-продажа продукции локальных производителей, живая этническая музыка и мастер-классы ведущих мастеров региона.

Третье пространство посвящено **технологиям и медиа**. В зоне **«Цифровая юрта»** будут представлены проекты в сфере информационных технологий, искусственного интеллекта, робототехники, GameDev, VR/AR, 3D-печати и цифрового творчества. Посетители смогут познакомиться с инновационной экосистемой региона, принять участие в интерактивном квесте от **SKO Hub**, увидеть демонстрацию дронов и современных технологических решений. Отдельная площадка будет посвящена кино, анимации и медиапроизводству, где состоятся показы документальных, анимационных и короткометражных фильмов, созданных авторами Северо-Казахстанской области.

В рамках выставки состоятся **торжественное открытие** и **презентация концепции проекта «Ботай – Ұлы дала мәдениеті»**.

Для гостей будет организован **этнопоказ коллекций национальной и современной одежды** дизайнеров Северо-Казахстанской области, а также **презентация Ботайской культуры** и показ тематического фильма.

Посетители смогут увидеть **театрализованную программу «Резиденция Абылай хана»**, принять участие в **мастер-классах по гончарному искусству**, познакомиться с традициями **казахского ковроткачества**, а также посетить мастер-классы народных мастеров по художественной обработке дерева, кузнечному ремеслу, работе с войлоком и традиционному казахскому текстилю.

Кроме того, пройдет **презентация креативной экономики Северо-Казахстанской области и региональных брендов**, будут представлены современные IT-проекты, разработки в сфере **искусственного интеллекта, GameDev, VR/AR, робототехники, 3D-печати** и других цифровых технологий в интерактивной зоне **«Цифровая юрта»**.

Отдельная площадка будет посвящена **кино, анимации и медиапроизводству**, где состоятся показы документальных, анимационных и короткометражных фильмов, а также презентации проектов молодых режиссеров и аниматоров.

QAZAQ CREATIVE

Завершит программу **этноконцерт**, живая музыка и **выставка-продажа продукции региональных брендов и изделий народных мастеров**.

В течение всего дня, **с 10:00 до 19:00**, для посетителей будут работать интерактивные выставочные пространства, ярмарка региональных брендов, выставка-продажа изделий ремесленников, мастер-классы, мультимедийные экспозиции и тематические инсталляции.

**Creative Aimaq** - масштабный республиканский проект, направленный на развитие региональных креативных индустрий, поддержку отечественных брендов, продвижение творческого предпринимательства и создание единой площадки для презентации культурного и креативного потенциала всех регионов Казахстана.

Выставка **«Ботай - Ұлы дала мәдениеті»** станет ярким примером того, как историческое наследие Северо-Казахстанской области вдохновляет на создание новых идей, развитие современных креативных индустрий и формирование экономики будущего, объединяя прошлое, настоящее и будущее Великой степи в едином культурном пространстве.

Место проведения: Qazaq Creative Hub

(г. Астана, ул. Жошы хан, 16/2)

https://2gis.kz/astana/geo/70030077083740265/71.444654,51.103351

Даты проведения: 4-5 июля 2026 года

Время: с 10:00 до 19:00.

Контакты для связи: +7-707-705-00-32 Жалғас Досжанұлы